



Ұйымдастырылған оқу қызметтің вариативтік жоспары

№6 «Қарлығаш» ересектер тобы

Тәрбиешілер: Келгенбаева З. Т.
Бабажанова А. Б.

Шымкент 2018ж.



БЕКІТЕМІН
«Аружан» бөбекжай-
балалық бағдарламасының
менгерушісі
А.Ш. Есбол
2018ж.

«Әнші балапан» вариативтік бөлімі

Мақсаты:

Балалардың көркемдік талғамы дамытылып, өмірдегі, айналасындағы әсемдікті сезіне білуге және оны өзінің құрастыру қызметінде бере білуге үйрету.

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	«Кел, балалар, оқылық!» Ыбырай Алтынсарин	1	7.09.18
2	Әзілхан мектепке барады	2	14.09-21.09.18
3	«Ойыншықтар» Нұрсұлтан Әлімқұлов	2	28.09-5.10.19
4	«Күзде» І. Байжұманова	1	12.10.18
5	«Жапырақтар» Тұманбай Молдағалиев	1	19.10.18.
6	Отан	2	26.10-2.11.18
7	Не деу керек?	2	9.11-16.11.18
8	«Бұл қай кезде болады?»	1	23.11.18
9	«Қыс» Н. Аманжолова	2	30.11-7.12.18
10	«Қолғап» Ә.Дүйсенбиев	2	14.11-21.12.18.
11	Әке мен бала	2	28.11-4.01.19
12	Аңқау арыстан	2	11.01-18.01.19
13	Тату доспыз бәріміз	2	25.01-1.02.19
14	Тілегіміз - бейбіт күн	2	8.02-15.02.19
15	«Менің әжем» Қадыр Мырза Әли	1	22.02.19.
16	Отбасындағы сыйластық	2	1.03-8.03.19
17	Наурыз-думан	1	15.03.19
18	Ғарышкер	2	22.03-29.18.19
19	Көрікті көктем	2	5.04-12.04.19
20	Біз мектепке барамыз	2	19.04-26.04.9
21	Жаз	2	3.05-10.05.19
Барлығы		36 сағат	

Әдіскер:  Л. Р. Жалымбетова

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Кел, балалар, оқылық!» Ыбырай Алтынсарин	Қазақтан шыққан тұңғыш педагог Ы. Алтынсарин өмірі және оның шығармашылығы жайлы білімдерін қалыптастыру. Өлеңді жатқа айтуға үйрету. Сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Шаттық шеңбері Достарды біз қолдаймыз, Қиын шақта қорғаймыз. Біздің топта ұл-қыздар Тату-тәтті ойнаймыз. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін мәнерлеп оқу, мазмұнын ашу. Кел, балалар, оқылық! Тілегенің алдыңнан Іздемей-ақ табылар. Кел, балалар, оқылық! Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық. Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар. Сұрақ-жауап Сергіту сәті Күндей болып күлеміз, Гүлдей болып өсеміз. Дәптермен жұмыс Өлеңді жаттау. Өнер-білім туралы мақал-мәтелдер 1. Оқу - инемен құдық қазғандай. 2. Оқусыз білім жоқ. 3. Оқу - білім бұлағы, білім - өмір шырағы. «Күн» саусақ ойыны Балалар қолдарын бір-біріне айқастырады. Саусақтарының арасын ашып, күн сәулесі сынды қимыл жасайды. Педагог мына өлең жолдарын айтады. Жарқырайды күннің көзі, Нұрын шашып далаға. Күн сәулесін төгеді, Бақыт сыйлап балаға! Жаңылпаз Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім?

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	Әзілхан мектепке барады	Балаларға әңгімені ықыласымен тыңдауға баулу, оқылған әңгімені дұрыс түсінуге, ойларын тиянақтау, байланыстырып, сөздік қорын байыту, сөйлеуге дағдыландыру. Әдептілікке тәрбиелеу.	Ұйымдастыру кезеңі. Өткенді қайталау Психологиялық сәт. -Балалар күн нұрына қарай қол созып, алақанымызды жайып, төмендегі сөздерді менімен қайталаңдар. Қуан, шаттан, алақай, Қайырлы таң! Қуанатын күн келді! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін Сәлеметсіңдер ме, деп бір - бірімен, мұғаліммен амандасады. Әңгімені оқып беру Әзілхан мектепке барады. Сұрақ – жауап. Сергіту сәті. Йілеміз онға бір, Йілеміз солға бір. Тәрбиеші қарайды, Аяққа бір қолға бір. Жұмбақ шешейік 1. Жұқа тақтай бөлшегі, Ұзындықтың өлшемі. 2. Оқу, білім асабы, Қоймасының бас қабы. Бөлмесі де бірнешеу, Тиегі бар ашпалы. 3. Өзі сөйлей білмейді, Салған ізі сөйлейді. 4. Төрт қырлы, өзі аппақ, Тақтадағы ізі аппақ 5. Үстінде есігі, Өзі орындық, әрі үстел, Оқушылар бесігі. Парта 6. Ілулі тұр кең алаң, Керегімді мен одан. Жазып алам көшіріп, Сүртем сосын өшіріп. «Білем деме, балам» өлеңі Тыныштық сәті (баяу әнмен) «Әліппе» өлеңі. М. Мақатаев «Кім жоқ?» д/ойыны Сызғыш Сөмке Қалам Бор Парта Тақта

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Ойыншықтар» Нұрсұлтан Әлімқұлов	Өлең мәтінін түсініп, жатқа айта білуге үйрету, ой-өрісін дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	Жылулық шенбері Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! Кіріспе әңгіме Жұмбақ жасыру Шіріккінің өзіне обал-ақ, Жүреді аяқта домалап. Доп Аяғы бар, жүрмейді, Аузы бар, күлмейді. Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. Қуыршақ «Ойыншықтар» өлеңімен танысу, жаттау, мәнерлеп оқу. Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды Ақыл айтсақ, бұйырсақ, Қуыршақтар ұйықтайды, Айтқаныннан шықпайды. Бұзау, қозы құлыншақ «Ұйықта» десен, ұқпайды. Тыңдамайды ұрысса, Осылары дұрыс па? Тентектігін қоймаса, Тұрғызармын бұрышқа. Сергіту сәті Биік болып өсеміз, Жапырақтай жайқалып. Шетімізден шеберміз, Біз тынығып аламыз, Әсем сурет саламыз. Сұрақ-жауап Өлеңді жаттау. Дәптермен жұмыс «Ойыншықтар әлеміне саяхат» сюжетті-желілі ойыны

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Күзде» I. Байжұманова	Күз мезгілі туралы түсінік беру. Өленді тыңдап, өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.	Жылулық шеңбері Күлімде, күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнім де. Жарқыраған жұлдыздай, Жарқ-жұрқ еткен түнімде. Кіріспе әңгіме «Алтын күз» туралы әңгіме жүргізу. «Күзде» өлеңімен танысу, мәнерлеп оқу, жаттау. Өленді жаттатып, 2-3 баладан сұрау. Сергіту сәті Жаңбыр, жаңбыр, жауасың, Жанымызға дауасың. Біз ойнайтын ауланың Тазартасың ауасын. Дәптермен жұмыс Жұмбақ жасыру «Жеміс- жидектер» дидактикалық ойыны Сурет бойынша әңгімелеу.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Жапырақтар» Т. Молдағалиев	Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін нығайта отырып, табиғат әсемдігін көре білуге, әңгімелеуге баулу.	Шаттық шеңбері Балаларды шеңбер бойына тұрғызады. Алтын, сары, қызыл, көк... Алуан-алуан жапырақ, Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап, Ой, алақай, тамаша, Шашу шашты жапырақ! Кіріспе әңгіме Жұмбақ жасыру Қызыл, сары немелер Су бетінде қалқиды. Соқса егер салқын жел, Ырғалады, толқиды. Жапырақ «Жапырақтар» өлеңімен танысу, мәнерлеп оқу, жаттау. Қыстың жақын қалғанын Жапырақтар білгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей. Жапырақтар жамырап, Сайға барып бекінді. Анасынан ажырап Қалған бала секілді. Сұрақ-жауап «Ненің жапырағы?» дидактикалық ойыны Мақсаты: қай ағаштың жапырағы екенін ажырату. Ойын барысы: шашылып жатқан жапырақтарды себетке жинайды, жинаған жапырақтарын бір-бірінен ажырату. Дәптермен жұмыс Тірек-сызба арқылы тақпақ айтқызып, оқу іс-әрекетін аяқтау. Жапырақтар сарғаяды, Күн бұлттанады, Жаңбыр жиі жауады, Құстар жылы жаққа ұшады. Айтыңдаршы, балалар, Бұл қай кезде болады?

У

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>Не деу керек?</i>	Балаларды имандылыққа, мейірімділікке, кішіпейілділікке, әдептілікке баулу.	Шаттық шеңбері Бір шаңырақ астында Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Кіріспе әңгіме Өленді мәнерлеп оқып беру. Не деу керек? Апаң сенің базардан Алма сатып әкелді, Ең үлкенін, жақсысын Саған таңдап әперді, Не деп барып жеу керек? Балалар жүр көшеде, Естіледі шу-айқай. Сен де шықтың, көршінді Қағып кеттің байқамай, Сен не деуді ұмыттың? Өжең түскі тамаққа Қант-кәмпитті салды мол. Жұрттан бұрын ыдысқа Өй-шәйі жоқ салдың қол, Жөн еді не айтқаның? - Добын апар Назардың,- Делі аған, бармалын, Тапжылмадың, сазардың, Аға тілін алмадың, Сен қай сөзді айтпадың? Сергіту сәті Қанат жаям жалма-жан, Талпынғандай ұшуға. Иіліп қол созамын Аяғымның ұшына. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу Дәптермен жұмыс «Жеміс- жидектер» дидактикалық ойыны

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Бұл қай кезде болады?»	Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра білу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Шаттық шеңбері Амансың ба, алтын Күн! Амансың ба, Жер-Ана! Кіріспе әңгіме «Бұл қай кезде болады?» өлеңін оқу (тірек-сызба бойынша). 1. Қар-мұз еріп, Су көбейіп, Бүршік шашып, Жапырақ ашып <i>Көктемде</i> 2. Күннің көзі шуақты, Балалар жүр шомылып. <i>Жаз</i> 3. Жапырақ сарғаяды, Күн бұлттанады, Жаңбыр жиі жауады, <i>Күзде</i> 4. Шана зырғып желетін, Шаңғы, коньки тебетін, <i>Қыс</i> Сұрақ-жауап Сергіту сәті Жаңбыр, жаңбыр, жауасың, Жанымызға дауасың. Жұмбақтар жасыру 1. Аспаннан домалап Көп моншақ төгілді. <i>Жаңбыр</i> 2. Жаркылдан соң жаңағы Суға бөкті бар алап. <i>Жаңбыр</i> 3. Қанаты жоқ, ұшады, Аяғы жоқ, қашады. <i>Жел</i> 4. Көлге жапқан қаппақ, Сіресіп тұр, қатты-ақ. <i>Мұз</i> 5. Алпақ-алпақ көбелек Жерге қонар себелеп. Ақ жұлдызы жылтылдап Ұстатпайды не керек. <i>Қар</i> Дәпгермен жұмыс «Жер, су, ауа» ойыны

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Қыс» Н. Аманжолова	Қыс мезгілі туралы түсінік беру. Өлеңді жатқа айта білу арқылы көркем әдебиетке қызықтыру. Сөздік қорын молайту.	Шаттық шенбері Аққала, аққала, Сені жасап мақтанам, Аққаламыз жүрмейді, Ойнап бізбен күлмейді. Кіріспе әңгіме Сұрақ-жауап «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқу. Аппак күміс бар әлем, Зымыраймыз шапамен, Тоғайлар тон киеді, Аяз беттен сүйеді. Жиналып ап бар бала Тұрғызамыз аққала. Сергіту сәті «Аққала» әні Аула сырты баққа да Тұрғызамыз аққала! Аққаланы айналып Ойнаймыз біз шаттана. Аққала, аққала, Сені жасап мақтана, Қорғауменен жүреміз Бұздырмастан басқаға. Аққаламыз жүрмейді, Бізбен ойнап күлмейді Қалжындап қар атсаң да, Сөз қайтару білмейді. Дәптермен жұмыс Жаңылтпаш Қиген тоны - Онды тон, Өнді тон. Тірек-сызба бойынша өлеңді жаттау. «Саусақтарым билелдер» ойыны

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Қолғап» Ә. Дүйсенбиев	Өлең мазмұнын түсіне отырып жаттауға үйрету. Ой-өрісін кеңейту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Жылулық шеңбері Балаларды шеңберге жинап, күн нұрының сәулесіндей бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Жұмбақ жасыру Ағайынды бесеуі, Бірге киінеді, шешінеді. Ол не? <i>Қолғап</i> Кіріспе әңгіме «Қолғап» өлеңімен танысу, мәнерлеп оқу, жаттау. Жоғалыпты қолғабым, Тыз-тыз етті қолдарым, Сорып аяз тастады, Естен кетпес тоңғаным. Қолғаптың жіп шығарып, Тоңыды әжем біз алып. Мен отырмын ұяттан Тоңғандай боп, қызарып. Сұрақ-жауап «Бөлшектен бүтін құрастыру» ойыны Дәптермен жұмыс Жаңылпаздар 1. Тұз - мұздай, Мұз - тұздай. 2. Тері шалбар бар, Тері шалбар киетін шалдар бар Мақал-мәтелдер 1. Денсаулық — зор байлық. 2. Тісі ауырғанның көңілінсұрамайды. 3. Аурудың жақсысы жоқ, Дәрінің тәттісі жоқ. 4. Тер шықпаған кісіден, Дерт шықпайды. Сурет бойынша әңгімелеу.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
_____ _____	<i>Әке мен бала</i>	Қазақтан шыққан тұңғыш педагог Ы.Алтынсарин өмірі және оның шығармашылығы білімдерін қалыптастыру. Тыңдай білу, әңгімелей білу іскерліктерін, дағдыларын дамыту. Әңгіме мен ертегіні ажырата білуге үйрету.	Ұйымдастыру кезеңі. «Әке мен бала» әңгімесі Сұрақ – жауап «Әкеме» өлеңі С. Құржетқанқызы Мақал-мәтелдер 1. Алты аға бірігіп әке болмас, Жеті жеңге бірігіп ана болмас. 2. Әке балаға қарыз, Бала далаға қарыз. 3. Әке балаға сыншы. 4. Әкеден — ақыл, анадан — мейір. 5. Әкеден безген ұл болмас, Анадан безген қыз болмас. 6. Әке жүрегі таудан үлкен, Ана жүрегі теңізден терең. «Не, қалай дыбыстайды?» ойыны Диалогты сөйлеуін жаттықтыру «Сен кімсің?» дидактикалық ойыны Жанылтпаш 1. Етігімнің басы қайқаяр, қайқаймас, Қайқаяр, қайқаймас. Әңгіме мазмұнын айту Жылулық шеңбері. «Сықырлы айналу»

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>Аңқау арыстан</i>	Балаларды үй жануарларынан жабайы андарды ажырата білуге үйрету, андардың арасындағы арыстанның андардың патшасы екенін ертегі арқылы түсіндіру.	Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық сәт. Кел, балалар, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер, «Мысық – тышқан» ойнайық, Бірақ араз болмайық. Кел, балалар, ойнайық! Ертегі. Аңқау арыстан Сұрақ - жауап. Сергіту сәгі. Сұр қоян Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбырды. Ойлы - қырлы жерлермен Ытқып - ытқып секірді. Қарап еді артына, Киығын салып көзінің. Келе жатқан артында Көжегі екен өзінің. Дидактикалық ойын "Даусынан таны" Психологиялық сәт. Қайырлы күн, әр қашан күн сөнбесін, Күн нұрындай жылуын төге берсін. Күндей жарық көңілді күй кешейік, Бәріміз дос болып бөлісейік. Дидактикалық ойын. "Гүл құрастыру"

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>Тату доспыз бәріміз</i>	Достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге тәрбиелеу.	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық сәт. Кайырлы күн! Әрқашан күн сөнбесін. Күн нұрындай жылуын төге берсін. Күндей жарық, көңілді күй кешейік. Бәріміз тату дос боп өсейік. Кіріспе әңгіме. Сурет бойынша әңгіме құрату Өлең оқу С.Оспанов "Тілегіміз - бейбіт күн". Сары, ақпыз, қарамыз, Бәріміз де баламыз. Бір қалада тұрамыз, Бір мектепке барамыз. Ақ, қара деп бөлмейміз, Бір жыл туған төлдейміз. Туысқанбыз, татумыз, Биіктерге өрлейміз. Сұрақ – жауап. <i>Жақсылыққа бақытқа, Талпынған өр уақытта. Бала біткен дос-бауыр, Болмасын еш тосқауыл. Ақпыз, қара, сарымыз Ағайынбыз бәріміз.</i> Жанылтнаш Көкек көк, Көктем көк. Көктем келді, Көкек кеп. «Қиынды суреттер» ойыны Көбелектің, араның, құмырсқаның, масаның суреттері бөліктерге қиылған. Балалар қиындылардан жәндіктердің суретін құрастырады.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>Тілегіміз – бейбіт күн</i>	Балаларды өз Отанын сүюге, құрметтеуге, қорғауға, патриоттық сезімдерін дамыта отырып тәрбиелеу.	Психологиялық сәт. Күлімде, күн күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегіндей бүгін де, Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн күлімде, Бүлдіршіндер қуансын. Қырдың қызыл гүліндей, Қолдарына ту алын. Күлімде, күн күлімде Күлсін барлық бала шат. Берекелі бүтіндей, Бейбіт болсын болашақ. Мерекеге әзірленейік Бірінші мамыр мерекесі жақындап қалды. Мәдениет үйінде мерекеге дайындық жүріп жатты. Әр ұлт өкілдері өз дәстүрлерін, өнерін көрсетуде. Мың бұралған бишілер, бір топ әншілер мен күйшілер де ат салысыпты. Біз де қарап қалмай өз өнерімізді көрсеттік. Көк аспанда көк туымыз желбіреп, бейбітшілік құстары ұшырылды. Қала әкімі сөз сөйлеп, құттықтау айтып, отпашу көрнісін тамашаладық. Бәріміздің тілегеніміз «Татулық пен, бірлік жасасын, ешқашан елімізде жаманшылық болмасын!» - деген ұрандар еді. Сұрақ - жауап. Жаңылтпаш Хан баласы ханзада Болды ғашық ханшаға. Алып ханнан хабар, Ханшайымды табар. Сергіту сәті. Ақ кегершін, көгершін, Қол қанат күс сен едің. Бар кезіп қайт ел үшін Кең дүниенің көлемін. «Ұшты-ұшты» ойыны Қателескен бала өлең айтады немесе ән салады. Жаңылыспаған ойыншы жеңеді. Әр топ өздері жапсырған үй құстары туралы өткен сабақтағы жұмбақтарды, өлең-тақпақтарды, жаңылтпаштарды айтады. Өздері жапсырған үй құстарын сипаттайды.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабак барысы
	«Менің әжем» Қадыр Мырза Әли	Өлеңді тыңдап, өз түсінігімен айта білуге баулу, есте сақтау, ойлау қабілетін жетілдіру. Сыйластықты сезіне білуге баулу. Кішіпейілділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.	Шаттық шеңбері Унтаспаға қосылып «Әже» әнін орындау Сағындым, әже, өзінді, Сағындым, әже, сағындым, Мейірімді көзінді. Ағайын-туыс, бауырды. Ертегіңді сағындым, Қуат алып келейін «Құлыным» деген сөзінді. Топырағынан ауылдың. Қайырмасы: Сағындым, әже, сағындым, Сағындым, әже, сағындым, Мейіріңе табындым. Даналықтың кенісін. Демалысқа шығамыз, Құрт-майыңды сағындым, Аяғыңда мамырдың. Сақтап қойған мен үшін. Кіріспе әңгіме «Менің әжем» өлеңімен танысу, мәнерлеп оқу, жаттау. Менің әжем, ақ әжем – Менің әжем, жыр өжем - Ұл мен қыздың бағы әжем. Шуағы мол нұр әжем, Ертегі айтып бер десең, Ақ таянға сүйеніп Айтып берер тағы әжем. Аман-есен жүр әжем. Сұрақ-жауап Сергіту сәті Күндей болып күлеміз, Гүлдей болып өсеміз. Құстай болып ұшамыз, Көбелектей қонамыз. Дәптермен жұмыс Мақал-мәтелдер 1. Әдептілік белгісі - иіліп сәлем бергені. 2. Сыйласаң, сыйлы боларсың. «Кім тез?» дидактикалық ойыны Жаңылтпаш Сорпа іштік, сорпа ыстық, сондықтан, қорқа іштік.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	Отбасындағы сыйластық	Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету. Отбасында үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық керектігін айтқызу арқылы инабаттылыққа тәрбиелеу.	Шаттық шеңбері Педагогпен бірге Ермек Өтетілеуұлының «Біздің шанырақ» өлеңін қайталайды. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар, Отбасым мыналар, Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар. Берін жақсы көремін Еркелеймін, еремін. Кіріспе әңгіме (суретпен жұмыс) - Бүгін біз оқу іс-әрекетінде отбасы және сыйластық туралы әңгімелейміз. Өлең оқу Отбасы <i>М. Қуанышбеков</i> Анан - үнің, жүрегің, Әкең - өмір тірегің, Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын! Аға ақылы <i>Сырбай Мәуленов</i> Кім үлкенді сыйласа, Кім үлкенді тындаса, Сергіту сәті Бас бармағым - атам, үйдің данасы, Балаң үйрек - әжем, ошақ анасы, Ортан терек - әкем, отау панасы, Шылдыр шүмек - шешем, шанырақ ажары, Титтей бөбек - мен, бәрінің базары. «Топ-топ басайық» жылулық шеңбері Дәптермен жұмыс «Үлкен — кіші» жаттығуы Біз не білдік?

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>Наурыз-думан</i>	Балаларға жыл басы - Наурыз мерекесі туралы айту. Наурыз - жыл басы, көктемнің алғашқы мерекесі. Малдар төлдеп, ағаштар бүршік атып, тіршіліктің оянған кезі.	Шаттық шеңбері Көктем келді, құс келді, Ойнаймыз біз саз илеп. Біздің жаққа құс келді, Былыр кеткен қаз-үйрек. Кіріспе әңгіме «Наурыз тойы» өлеңі <i>Әдібай Табылды</i> Күн менен түн теңелді, Жер шуаққа кенелді, Соны тойлар ел енді. Наурыз тойы - салтымыз, Көгерсін деп халқымыз Көшеге тал егеді. Жарқырап түр күніміз, Жайқалсый жас гүліміз, Бақта бұлбұл сайрасын. Сәнді көктем нұрымен, Наурыз тойы жырымен Көңіл күндей жайнасын. Сұрақ-жауап Сергіту сәті Бүгінгі ел ішінде Дәстүрді жалғастырған, Ей, менің асқар тауым, Қазақы дастарқаным. Дәптермен жұмыс Жаңылтпаш «Н»-ды айта алмай, «Н»-ға өшікті Тайқарбай.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	Ғарышкер	Қазақстанның тұңғыш рет айға ұшқан ғарышкеріміз Тоқтар Әубәкіровтың еңбегі мен ерлігін ұштастыра отырып балаларға Отанымызды қорғай білуге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Психологиялық сәт. Мен ақылдымын, Қиындықтан қорықпаймын. Мен жастың, қандай әдемімін, Мен ұзақ өмір сүремін. Менің қолымнан көптеген жақсылық келеді. Мен халқыма қызмет етемін. Айға ұшамын, жерге түсемін. Халқыма тыныштық тілеймін. Кіріспе әңгіме. Тоқтар мен Талғат. Тоқтар мен Талғат, Ғарышқа ұшса самғап. Ел мерейін өсірді, Көк пен жерді жалғап. Тоқтар мен Талғат, Ғарышқа ұшса самғап. Қазағынның сәлемін, Жұлдыздарға барды ап. Тоқтар мен Талғат, Ғарышқа ұшса самғап. Туған жерге оралды , Аспан жақты барлап. Тоқтар мен Талғат, Ғарышқа ұшса самғап. Өлең жазды ақындар, Екеуіне арнап. Тоқтар мен Талғат, Ғарышқа ұшса самғап. Мен ұшқыш болам, Жолдарымды жалғап Дидактикалық ойын "Ғарышкер". Мақсаты: Балалардың көңіл - күйін көтеріп, қиялын дамыту. Ойынның барысы: Сендер ғарышкерсіңдер, ғарышқа сапар шеккелі дайын тұрсыңдар. Көздеріңді жұмып, денелеріңді бос ұстандар. Міне, ұштық) Сұрақ - жауап. Жаңылтпаш Ғарышкер ұшты ғарышқа. Ғарышқа ұшты ғарышкер. Айтшы, ғарыш алыс па?

Күнi	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	Көрікті көктем	Көктем айында айналада болатын өзгерістер жайлы, балалардың түсініктерін кеңейте және анықтай түсу, басқа да айлармен салыстыру. Табиғат құбылыстарына бақылау жасаға отырып, туған жерге сүйіспеншілік пен қамқор көзқарасқа бағыттау, сурет арқылы әңгіме құраға білуге үйрету.	Психологиялық сәт. Жаңбыр, жаңбыр жауасын, Жанымызға дауасын. Біз ойнайтын ауланың, Тазартасың ауасын. Кіріспе әңгіме. Көктем де келді көгілдір Мұндайда бәрі белдесіп. Палуан да болып кетпей ме? Оранып гүлге әр қыры, Өзендер ойға қарғыды. Құйқылжып бақта құстары, Қызыққа батты барлығы. Сергіту сәті (Үнтаспадан Н.Тілендиевтің "Құстар қайтып барады" өлеңінің өуенімен қимылды жаттығу жасату) Құстар, құстар сызылтып ән салалы, Сол әнімен тербетеді даланы. Ал адамдар күліп бастап өмірін, Кетерінде жылай да алмай, Жылай да алмай қалады. Көктем Көрік беріп бар маңға, Көктем келіп қалған ба? Сырғалары сыңғырлап, Ырғалалы талдар да! Күн жылынып, қар еріп, Шықты қырға мал өріп. Жыл құстары өндетіп, Гүлдеп кетті бар өрік. Мақал-мәтелдер 1. Көктемде күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. 2. Сәуір болмай, жауын болмас, Жауын болмай, төуір болмас. 3. Қысына қарай көктемі, Диканына қарай өнімі. Сурет арқылы таппак жаттау. «Е.Өтегілеуұлы» Алақай, алақай! Қуанды балақай. Қыс кетті, Құс кетті. «Дініне қарай ажырат» дидактикалық ойыны

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>Біз мектепке барамыз</i>	Балаларға мектепке, оқуға құлшыныс, қызығушылық, қуаныш сезімдерін туғызу, төзімділікке, тәртіптілікке, ұқыптылыққа үйрету. Оқу құралдары жайлы түсінік беру. Т.Молдағалиевтің өлеңімен таныстыру, жатқа айтуға үйрету.	Ұйымдастыру кезеңі «Мен мектепке барамын» әңгімесі Мақал-мәтелдер 1. Кітап - алтын қазына. 2. Кітап - білім бұлағы, Білім - өнер шырағы. 3. Кітап - ғалым, тілсіз мұғалім. 4. Ақыл — алтын сандық, адамына қарай ашылар. 5. Ақыл — арман, ой — өріс. 6. Ақыл ауыздан, мерей көзден. 7. Ақыл — ауыс, ырыс — жұғыс. Сұрақтар бойынша жұмыс <i>Біз мектепке барамыз</i> <i>Қолға қалам аламыз</i> <i>Кітапты да оқимыз</i> <i>Суретті де саламыз</i> <i>Үлкендердей тап - таза</i> <i>Жазамыз бормен тақтаға</i> <i>Үлгілі бала боламыз</i> <i>Жүретіндей мақтана.</i> Жаңылтпаштар 1. Ықылас пен Ыбырай Ыдыстарын тасымай, Ырыскүлден үлгі алмай, Ынтасыз жүр тілді алмай. 2. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім? Әңгімелесу Дидактикалық ойын. "Кім жылдам" (Қай бала өзінің оқу құралдарын мектепке дұрыс жинайды екен, қызығушылықтарын байқау).

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>Жаз</i> Балалардың білімдерін мезгіліндегі ерекшеліктермен салыстыра отырып сүйіспеншіліктерін арттыру.	Психологиялық сәт. Гүлге қонар көбелек, Атқа қонар бөгелек. Су жыланды құртуға Көлге қонар дегелек. Жаз С. Оспанов Ауыл қонды жайлауға, Дала жатыр жадырап. Қой қаптады қойнаула Қозы - лақтар жамырап. Жаздың күні шуақты, Ойда - қырда тамаша. Жаз келді Ж. Молдағалиев. Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ. Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Көл жағалай көп құстар Ұшып - қонып жатады. Жаз. А. Омарова Нұр тұнып құлпырып, Айнала жайнады. Тұр күнге ұмтылып, Алма ағаш сайдағы. Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Әрбір оқылған өлеңнің жеке шумақтарына толық тоқталып, түсінік беру. Сурет бойынша жұмыс. "Жыл мезгілі". Сергіту сәті. Дидактикалық ойын. "Жыл мезгіліне қарай көкөніспен жеміс - жидектерді ажырата біл". Қортындылау.	Сағым перде сияқты, Жер аумаған алаша. Жаз жайдары, алақай, Жатыр жайнап даламыз. Жүр, кәнеки, балақай, Шомылуға барамыз.

№ "Заңнама" ересектер тобы.
Құрастырылған оқу құжатының
барша мүшесі жоспарлы.
Жоспарлы, Заңнама
он екі (12) бөлім.

№11 "Аружан" 518

Адресі: Астана
Есеп.

